Тасқала ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиналысының
№ 3 хаттамасы

Тасқала ауылы **"12" мамыр 2025 ж.**

«Тасқала ауылдық округі әкімі аппараты» **сағ. 11:00**
мемлекеттік мекемесінің ғимараты

Жергілікті қоғамдастық жиналысы мүшелерінің жалпы саны- 15 адам.
Жергілікті қоғамдастық жиналысына қатысушылардың саны- 11 адам.

Қатысқандар:
Тасқала ауылдық округінің әкімі А.Жамбыл.
Жиналыс мүшелері: С.Б.Адилов, Қ.М.Баймагамбетов, Б.Ғ.Бекентаева, М.Х.Залиев, Х.Н.Мергалиев, Х.Т.Мулдашев, А.Е.Мухтаров, М.Ж.Нурашева, Н.А.Чапурина, Ұ.Ш.Шукурова.

Ашық дауыс беру арқылы жергілікті қоғамдастық жиналысының төрағасы мен хатшысы сайланды, күн тәртібі бекітілді.

Жиналыс төрағасы Х.Мергалиев
Жиналыс хатшысы М.Нурашева.

Күн тәртібі:

1. **Тасқала ауылдық округі каналдарын тазалау, шөбін, қамыстарын шабу, су жырып кеткен жерлеріне топырақ салып көтеру, тегістеу жұмыстары туралы**

ТЫҢДАЛДЫ:

Тасқала ауылдық округінің әкімі А.Жамбыл- Саламатсыздар ма, қоғамдастық жиналысының мүшелері! Көктем шыға ауыл тұрғындарымен жиналыстар өтті, білесіздер. Сол жиналыстарда Элеватор жағындағы тұрғындардың және Бірлік ауылы тұрғындарының көтерген мәселелерінің бірі- ауылдағы каналдардың су жырып кеткен жерлеріне топырақ салып көтеру болатын. Су жырып кеткен жерлеріне топырақ салып көтерумен қатар, жалпы каналдың бойындағы топырақтарды да көтеретін. Каналдардың шөбін, қамыстарын шауып, ішін тазалайтын. Сол жұмыстарды бастау үшін сіздермен ақылдасуды жөн көрдік. Құрманғалиев каналының ішіндегі шөптерді, қамыстарды шабу, каналдың ішін тазалау, суды бөгеу үшін аласа жеріне топырақ салып, көтеру; 100 метр жерге топырақ салып көтеру;

Элеватор жағындағы каналдың ішіндегі шөптерді, қамыстарды шабу, каналдардың ішін тазалау, су жырып кеткен жеріне топырақ салып көтеру, тегістеу;

Бірлік ауылындағы каналдың да ішіндегі қамыстарды шабу, оның да су жырып кеткен жеріне топырақ салып көтеру; 100 метр жерге топырақ төсеп көтеру жұмыстарын жергілікті қоғамдастық жиналысында талқылауды сұраймын.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Жиналыс төрағасы:

Х.Мергалиев: Тасқала ауылдық округінің каналдарын тазалау, шөбін, қамыстарын шабу, топырақ төсеп көтеру, тегістеу жұмыстары бойынша пікірлеріңізді айта отырсаңыздар.

М.Нурашева, қоғамдастық жиналысының мүшесі: Қазірден бөгеттерді қалпына келтіргендеріңіз дұрыс.

Ұ.Шукурова, қоғамдастық жиналысының мүшесі: Ия, каналдарды шөп, қамыстан тазартатын, көктемде су жырып кеткен жерлері бар, оларды да бітейтін.

Х.Мулдашев, қоғамдастық жиналысының мүшесі: Каналдардың су жырып кеткен жерлерін биіктетіп көтеретін.

Қ.Баймагамбетов, қоғамдастық жиналысының мүшесі: Көктемде қар сулары тағы жырып кетпес үшін каналдардың айналасындағы топырақтарын жақсы етіп тығыздап, топырақ салып биіктету керек. Құрманғалиев көшесіндеі каналдың 100 метр жеріне топырақ салып биіктету керек, ол жерді көрдім.

Б.Бекентаева, қоғамдастық жиналысының мүшесі: Қолдаймын, барлық жұмыстарды.

М.Залиев, қоғамдастық жиналысының мүшесі: Мен де қолдаймын.

С.Адилов, қоғамдастық жиналысының мүшесі: Қолдаймын.

А.Жамбыл: Сіздер қолдасаңыздар осы жұмыстарды бастаймыз.

Х.Мергалиев: Тасқала ауылдық округінің каналдарын тазалау, шөбін, қамыстарын шабу, топырақ салып көтеру, тегістеу жұмыстарын жүргізу дауысқа салынады.

Қолдағандар- 11 адам;

Қарсы- 0 адам;

Қалыс- 0 адам.

Жергілікті қоғамдастық жиналысы күн тәрітібіндегі мәселені қарап келесідей **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Тасқала ауылдық округінің каналдары бойынша мынадай жұмыстар атқарылсын:

Құрманғалиев каналының ішіндегі шөптер, қамыстар шабылсын, каналдың іші тазалансын, суды бөгеу үшін аласа жерлеріне топырақ төселіп, көтерілсін; 100 метр жерге топырақ салынып, көтерілсін;

Элеватор жағындағы каналдың ішіндегі шөптер, қамыстар шабылсын, каналдардың іші тазалансын, су жырып кеткен жерлеріне топырақ салынып көтерілсін, тегістелсін;

Бірлік ауылындағы каналдың ішіндегі қамыстар шабылсын, су жырып кеткен жерлеріне топырақ салып көтерілсін; 100 метр жерге топырақ төселіп көтерілсін.

Жиналыс төрағасы **Х.Мергалиев**

Жиналыс хатшысы **М.Нурашева**